

Құрметті мемлекет басшылары, саммитке қатысушылар!

Сөз басында / бүгінгі басқосуға бастамашы болған / **Әзербайжан Президенті Ильхам Гейдароглуға** ризашылығымды білдіремін.

Сондай-ақ, бізбен бірге байланысқа шыққан / **Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Тедрос Гебрейесуске** де / алғыс айтамын.

Жаһанға қатер төнген сын сағатта / Сіз басқарып отырған Ұйымға / әлем жұртшылығы құлақ асып, ерекше үміт артуда.

Қадірлі әріптестер!

Бүгінгі таңда / Түркі кеңесі **толыққанды көпжақты алаңға** айналды. Бұл – әрине, біздің елдеріміз үшін **ортақ жетістік**.

Біздің бірлескен күш-жігеріміз / Түркі кеңесінің **халықаралық беделі мен ықпалын арттыра түсетініне сенімдімін**.

Ең бастысы, осы кезеңде / бауырлас елдеріміздің ынтымағы нығайып, ортамыз толды.

Сондай-ақ, саяси диалог пен әртүрлі салалардағы ықпалдастығымыз / **жаңа белеске** көтерілді.

Ортақ тарихымыз бен салт-дәстүріміздің ұқсастығы / мәдени-гуманитарлық байланыстарға берік негіз болуда.

Соның арқасында / түркі әлемінің бай **рухани мұрасы** / төрткүл дүниеге танылды.

Өз кезегімде / **түркі дүниесінің бірлігін бекемдей түсуге** / бар күш-жігерімді салуға дайынмын.

Түркі кеңесінің төтенше Саммиті / дүниежүзіне **коронавирус індеті** тараған / күрделі кезеңде өтуде.

Қазақта / «**Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді**» деген мақал бар.

Дәл осындай қиын-қыстау сәтте / барлық мемлекеттер **күш-жігер жұмылдыруы** тиіс. Біз де / сол көштен қалмауымыз керек.

Жақында / **Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы** осы індетті / Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін / адамзат душар болған / ең ірі кесапатқа теңеді.

Пандемияның салдары / аса ауыр болатыны жиі айтылып жүр.

Сондықтан, эпидемияны ауыздықтау және оны еңсеру шаралары – қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Осыған орай, біз / **дер кезінде** жиналып отырмыз.

Атап айтқанда, жедел ақпарат алмасу, коронавирусқа қарсы іс-шаралар жүргізу, диагностика жасау және инновациялық емдеу тәсілдерін ойластыру керек.

Сондай-ақ, тағы бір маңызды міндет – **ғылыми ынтымақтастықты күшейту**.

Осындай қиын кезеңде / елдеріміз / бір-біріне қол ұшын беріп, өзара көмек көрсетіп жатыр. Мұны / зор ризашылықпен атап өткім келеді.

Қазақстан да / бауырлас мемлекеттердің азаматтарына барынша қолғабыс көрсетуде.

Біз / азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін / **Қырғызстанға және Тәжікстанға** қолдау көрсететін болдық *(әр елге бес мың тонна ұн беріледі)*.

Қадірлі саммитке қатысушылар!

Қазақстан / коронавируспен күресу үшін / кешенді шараларды қолға алды.

Он алтыншы наурыздан бастап / төтенше жағдай жарияланды.

Бірнеше қалада / карантин режимі енгізіліп, қоғамдық тәртіп қатаң бақылауға алынды.

Біз / індеттің таралуына жол бермеу мақсатында / шекарадан өтуге қатысты / шектеулер енгізуге мәжбүр болдық.

Дегенмен, бұл қадамдар / бауырлас елдер азаматтарының / өз Отандарына оралуына **кедергі келтірген жоқ**.

Оған қоса, азық-түлік пен тұрмысқа қажетті тауарлардың тасымалына / **ешқандай тосқауыл** қойып отырған жоқпыз.

Еліміздің ең ірі үш аймағында / арнайы госпитальдар жедел салынып жатыр.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес / орта және жоғары оқу орындары / **қашықтан білім беру форматына ауысты**.

Мемлекеттік және жеке сектордың қызметі / мүмкіндігінше цифрлық жүйеге көшірілді.

Анықтама: ү.ж. 10 сәуірдегі көрсеткіш: ауырғандар саны – 802, індеттен жазылғандар – 60, қайтыс болғандар – 9.

Қазақстан Үкіметі / халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауға кепілдік береді.

Нақты айтсақ, табысынан айырылған / **үш миллионға жуық** адамға қаржылай көмек көрсетіледі.

Сонымен қатар, **бір миллион екі жүз мыңға** жуық азамат / азық-түлікпен қамтамасыз етілмек.

Зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақы және басқа да әлеуметтік төлемдер / **он пайызға** индексацияланды.

Коронавируспен күрестің алдыңғы шебінде жүрген медицина қызметкерлеріне / **үш ай бойы үстемеақы тағайындалды**.

Осы шараларға бюджеттен / **он үш (13) миллиард доллар** бөлінді.

Сондай-ақ, азаматтардың несиелері мен қарыздарын қайтару мерзімі / тоқсан (90) күнге дейін шегеріліп, **айыппұл мен өсім ақы** алынып тасталды.

Табысын жоғалтқандар үшін / **«Жұмыспен қамту жол картасы»** аясында / **екі жүз қырық мың** жаңа жұмыс орны ашылады.

Орта және шағын бизнес салықтардан уақытша босатылды.

Құрметті әріптестер!

Жаңа дәуірде ғаламдық / геосаяси және геоэкономикалық ахуалдың / түбегейлі өзгеруі / баршамызды алаңдатады.

Жаһандық экономиканың даму қарқыны бәсеңдеді.

Халықаралық қатынастардағы қайшылықтар / шиеленісе түсті.

«Сауда соғысы» мен санкциялық текетірес өршіп, тауар биржалары мен қаржы нарықтарында / тұрақсыздық белең алды.

Ата-бабамыз / **«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»** деген.

Шын мәнінде, біз / күш-жігерімізді ортақ іске бағыттасақ қана / бұл қиындықты жеңеміз.

Осыған орай, бірқатар бастамаға тоқталайын.

Бірінші. Пандемияны тоқтату үшін / **қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін жетілдіріп, нақты шаралар қабылдау қажет.**

Жалпы, қазір / көптеген елдер коронавирусқа қарсы күресте / озық технологияны қолдануда.

Сол әдіс-тәсілдерді / арнайы сарапшылар деңгейінде талқылап, өз пайдамызға жарату / ортақ мүддеге сай келеді.

Бүгінде / әлемнің барлық дамыған елдері / **вакцина дайындаумен** айналысып жатыр.

Меніңше, біздің де / осы үрдіске барынша үлес қосуға / мүмкіндігіміз бар.

Жақында / Қазақстанның ғылыми институттары / **коронавирусты анықтайтын диагностикалық тест жүйесін** әзірледі.

Біз / осы тәжірибені бөлісуге дайынбыз.

Екінші. Қазіргі таңда / Кеңес Хатшылығы – «Түркі келешегі – 2040 (жиырма-қырық)» бағдарламасын дайындап жатыр.

Баршаңызға аян, бұл бастаманы Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Түркі кеңесінің Құрметті төрағасы **Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев** / былтыр Ұйымның **жетінші саммитінде** ұсынған болатын.

Осы стратегиялық құжатты әзірлеу кезінде / медицина саласына баса мән беру қажеттігіне / назар аударғым келеді.

Үшінші. Ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы / сауда айналымы ұлғайып, жақсы нәтижеге қол жеткіздік.

Былыр / Қазақстанның Түркі кеңесі елдерімен жасасқан саудасы / **жиырма алты (26)** пайызға өсіп, **жеті жарым (7,5)** миллиард долларға жетті (*экспорт 5 млрд., импорт 2.5 млрд.*).

Дегенмен, пандемияның / сауда-экономикалық қатынастарымызға тигізетін / кері әсері зор болмақ.

Оның алдын-алу үшін / бірлескен **«Іс-шаралар жоспарын»** әзірлеу – шұғыл міндеттер қатарында.

Бұл құжатта / өзара сауданы және инвестицияны ынталандыру шаралары көрсетілуі тиіс.

Бұл тұрғыда, Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының және Түркі инвестициялық қорының / жұмысын **жаңғыртсақ**, бәрімізге тиімді болары анық.

Төртінші. Дағдарыстан кейін / бүкіл әлем бойынша / **мүлдем басқа экономика қалыптаспақ.**

Бұл – айдан анық нәрсе.

Қазірдің өзінде / экономика / жедел түрде цифрлық платформаға көшірілуде.

Халықаралық сарапшылардың болжамына сәйкес / **екі мың жиырма үшінші жылы** / әлемде электрондық коммерция нарығы / **екі бүтін оннан сегіз (2,8) триллион долларға** дейін өседі.

Соған дайын болу – болашақта / тұрақты дамудың және бәсекеге қабілетті болудың кепілі.

Бесінші. Біз / байтақ Еуразияның жүрегі саналатын Ұлы Даладан тамыр тартып, өркен жайдық.

Батыс пен Шығысты, Солтүстік пен Оңтүстікті жалғап, дәнекер болып отырмыз.

Өзара үйлесімді жұмыс арқылы / осы артықшылығымызды / барынша ұтымды пайдаланған абзал.

Бұл үшін / көлік-транзит және логистикалық әлеуетімізді / одан әрі арттыруымыз қажет.

Қазақстан / өзінің «**Нұрлы Жол**» инфрақұрылымдық бағдарламасы аясында / ірі трансқұрлықтық жобаларды қолға алғаны белгілі.

Баршаңызды / **үйлесімді тарифтік саясат** жүргізуге, өкімшілік тосқауылдарды жоюға шақырамын.

Бұл / елдеріміздің көлік-транзит саласындағы ынтымақтастығын нығайтып, тасымалдау мерзімін қысқарту үшін / өте маңызды.

Құрметті достар!

Біз – тарихымызда / түрлі қиындықтарды абыроймен еңсерген халықтармыз.

Бүгінгі сынақтан да / сүрінбей өтетінімізге / еш күмән жоқ.

Кез келген дағдарыс / уақытша құбылыс, өтпелі нәрсе деп білемін.

Сондықтан, індетті еңсергеннен кейін / ынтымақтастыққа жаңа серпін берудің жайын / ойлағанымыз абзал.

Осы ретте, халықтарымыздың қауіпсіздігі мен елдеріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын баянды ету үшін / Сіздермен тізе қосып жұмыс істеуге дайынмын.

Сөзімнің соңында, біз қабылдайтын **Қорытынды декларацияның** / маңызды екенін атап өткім келеді. Бұл құжатты қолдаймын.

Бастаған игілікті ісімізге / сәттілік серік болсын!

Баршаңызға рақмет!